

АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ ЖҮНДІ ТҰҚЫМЫНЫҢ 5-6 АЙ ЖАСЫНДАҒЫ ҚОШҚАРЛАРЫН ӨРТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРМЕН КЕСТІРУДІҢ КЛИНИКАЛЫҚ КӨРІНІСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒА БЕРУ

А. К. Кереев, магистр, **А. К. Днекешев**, вет. ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті

Мақалада 5-6 ай жасындағы ақжайық етті жүнді қой тұқымының қошқарларын әртүрлі тәсілдермен кестірудің клиникалық көрінісіне салыстырмалы баға берілген, бұл көріністі асыл тұқымды қой шаруашылықтарында бонитировкадан соң жоспарлы кестіруді өткізу кезінде ескеру керек.

В статье приводится сравнительная оценка клинической картины кастрации разными способами баранчиков акжайкской мясо-шерстной породы в 5-6 месячном возрасте, которую необходимо учитывать при проведении плановых кастраций после бонитировки в племенных овцеводческих хозяйствах.

Comparative estimation of clinical situation of castration by different kinds of akzhaik meat-wool breed rams at 5-6 years age, which it is necessary to consider at carrying out of plan castration after measuring in sheep breeding farms is given in the article.

Жануарларды кестіру қой шаруашылығында мал шаруашылық өнімдерінің сапасын жақсарту және өнімділікті жоғарлату тәсілдерінің біріне жатады.

Бізге белгілі, жыныс бездері екі қызмет атқарады: сыртқа және ішке секрет бөлу. Ішкі секрецияның қызметі жоғары белсенді заттар – гормондарды бөлуге негізделген. Олар организмдегі зат алмасу процесстеріне қатысады. Өздерінің қызметі арқылы жануардың қалыпты өсуі және дамуына септігін тигізеді [1, 2].

Кестіруден кейін андрогенді гормондар балансының бұзылуы жануардың өсуі мен даму интенсивтілігінің өзгерісіне алып келеді. М. М. Заводовскийдің айтуы бойынша, орхидектомия кеш орындалған жағдайда жануар организміндегі өзгерістер деңгейі аз мөлшер дәрежесінде байқалады. Осының бәрі жыныс бездерінің эндокриндік қызметінің сақталу жағдайына қарай, өте ірі тұлғалы жануардың қалыптасуына ықпал жасауымен түсіндіріледі.

Жыныс бездерін толық алып тастайтын жағдайда негізгі зат алмасу деңгейі 15-25 пайызға азаятыны, түтіккі сүйектерінің өсуінің күшею, қаңқаның диспропорциональдығы, өсу жылдамдығының төмендеуі, біріншілік және екіншілік жыныс белгілерінің толық дамуы болатыны зерттеулер арқылы дәлелденген [3, 4, 5].

Қазіргі кезге дейін кестіру әдістерінің дамуы негізінен кестірудің қанды әдістерін жетілдіру, яғни жыныс бездерін хирургиялық жолмен алып тастау бағытында жүрді. Бұл әдістерді қолдану барысында әртүрлі кестіруден кейінгі асқынулар байқалды, негізінен, олар жиі өтеді және жануарларды өте ересек жасындағы орхидектомиясы кезінде өте ауыр түрінде жүруімен сипатталады. Осыған байланысты, көптеген ғалымдар аталықтарды кестіруді ерте жас кезінде жүргізуді ұсынады.

Бірақ та, күнделікті бақылаулар, көп жылдық тәжірибе, жыныс гормондары ролінің айқындалуы ерте жас кезінде кестірудің келеңсіз жағдайларға әкелетініне сөз келтіреді, ерте жас кезінде кестіру өсуінің жасанды тоқтауына және салмақ қосудың бірлігіне кететін азық шығынының жоғарлауына әкеледі.

Жоғарыда айтылған кестіруден кейінгі асқынулар және 5-6 ай жасында қошқарларды кестіру өзектілігіне орай, біз Батыс Қазақстан облысындағы «Ізденіс» асыл тұқымды шаруашылығында бәріне белгілі және Италияда шығарылып, шетелде өте кен ұсынысқа ие Burdizzo кестіргіш қысқаштарының екі модификациясын – кіші және үлкенін апробациядан өткіздік (1-сурет).

Экспериментальды зерттеудегі біздің мақсатымыз 5-6 ай жасындағы ақжайық қошқарларын кестіріп, бұл операцияға операциядан кейінгі салыстырмалы клиникалық баға беру.



1-Сурет – Burdizzo қысқашының комплектілер жиынтығы

1. Burdizzo кіші қысқашы.
2. Burdizzo орташа қысқашы.
3. Burdizzo үлкен қысқашы

Тәжірибе жүргізудің материалы ретінде 5-6 ай жасындағы бонитировкадан соң қалдырылған ақжайық тұқымының 400 бас қошқары алынды. Олар салмағын өлшегеннен соң аналогтар принципі бойынша төрт топқа бөлінді, әр топта 100 бас жануардан болды. Бірінші топтың қошқарлары ендердің толық алынуымен жүретін қанды әдіспен («Занд қысқашымен» ұманы ампутациялаумен бірге) кестірілді; екінші топ қошқарларын кестіруді қанды әдіс «Лигатура салу» жүргіздік; үшінші топты – кіші көлемді Burdizzo қысқашымен тері асты әдісі арқылы; төртінші топты орташа көлемді Burdizzo қысқашымен тері асты әдісі арқылы кестірдік. Барлық топтағы қошқарларды кестіруді тамыз айының екінші жартысында қой жайлауда болған кезінде өткіздік. Тәжірибе 5 айға созылды.

«Занд қысқашымен» ұманы ампутациялау арқылы өтетін қошқарларды кестіру әдісін М. А. Ханін ұсыныстары бойынша жасадық. Хирургиялық аспаптарды (скапель, қайшы, Занд қысқашы), операциялық алаң, хирург қолын хирургияда жалпы белгілі ережелерге сүйеніп өңдедік. Санитар (немесе шопан) шап аумағына оперативтік енуді қамтамасыз ету үшін қошқардың басын төмен қаратып, артқы аяғынан ұстап, бекітіп тұрады. Кестіруші сол қолының үлкен, сұқ және ортаңғы саусақтарымен қошқар ұмасының түбінен ұстайды және біркелкі тартады, басқа қолымен скапель көмегімен оны ампутациялайды. Кейін қолын ашық ұлпаларға тигізбей, бір қолмен ұстап, ендерді ұманың қалып қойған тұқылынан ығыстырады және максималды түрде енбауды тартады.

Бұл сәтте басқа қолымен тағыда кестірілген жараға қолын тигізбей, жануардың шап аумағындағы ұма тұқылынан ығыстырады. Шап каналдарынан шыққан екі енбауларға (қан тамырлы конустан жоғары) оператор көмекшісі Занд қысқашын салады және оны соңғы және соңғысының алдындағы креморьеға жабады. Бұдан соң аспап браншеясы маңынан енбаулар стерильді қайшымен кесіледі және ендері алынады. Операция соңында Занд қысқашының браншеясын бірте-бірте ашып, қысқашты алып тастап, жануарды босатамыз.

1-Кесте – Әртүрлі тәсілдермен 5-6 ай жасындағы қошқарларды кестірудің клиникалық көрінісінің салыстырмалы бағалауы

№	Кестіру әдісі	Кестіруден кейінгі клиникалық көрінісі
---	---------------	--

		Тәжірибедегі жануарлар саны	Жыныс қызметінің қалпына келуі, бас	Кестіруден кейінгі асқынулар, бас	Амалсыз сойылғандар, бас
1	Занд қысқашымен қанды әдіс	100	-	6	3
2	«лигатура салу» қанды әдіс	100	-	14	10
3	Кіші көлемді «Burdizzo» қысқашымен перкутандық тәсіл	100	20	-	-
4	Орташа көлемді «Burdizzo» қысқашымен перкутандық тәсіл	100	-	-	-

Кестіруден кейінгі кезеңде, 14 күн шамасында барлық 4 топтағы кестірілген қошқарларды батпақты жерге және суармалы шабындықтарға жақындатпай, ең жақсы өрістерді жайдық. Түнгі тұрақтар үшін аласа шөптермен қапталған, жаңа жас шөбі бар жерлерді таңдадық. Кестіруден кейін 21 күннен соң қошқарлар қышымаға қарсы купкаға түсті.

2 ай клиникалық бақылау жүргіздік, бақылау барысында үшінші және төртінші топтарда асқыну анықталмады. Кестіруден кейінгі ең аз асқыну саны «Занд қысқашымен» ұманы ампутациялау арқылы кестірілген қошқарлар арасында анықталды, 6 бас (6 %). Бұл топта амалсыз 3 бас (3 %) сойылды кесте 1.

Ұма ұлпасы және жалпы қынап қабықшаларының ісінуі жағдайларының ең көп саны «лигатура салу» ашық қанды тәсілмен кестірілген қошқарларда байқалды (14 %). Бұл топта операцияланған жануарлардың жалпы санынан 10 %-нті амалсыз сойылды.

Осыған орай, қанды әдіспен кестірілген қошқарлардың амалсыз сойылуының қалдықтары операцияланған жануарлардың жалпы санының 6,5 % (13 бас) құрады. 2-ші топтағы кестірілген қошқарлардың амалсыз сойылуының себебі анаэробты, сонымен қатар ірінді-шірінді инфекция әсерінен пайда болған сепсис болды. Бұл аурулардың жұғу қауіптілігі кестіруден кейінгі кезеңде, әсіресе күзгі қолайсыз ауа-райы жағдайларында тізімнен шығарылмайды.

Паталого-анатомиялық жарып сою, клиникалық бақылау, жыныс органдарының лимфа және қан айналу жүйелерін зерттеу арқылы, қанды әдіспен жыныссыздандыруға байланысты қошқарларда кестіруден кейінгі асқынулардың патогенезі және этиологиясын түсіндіретін келесі ішкі және сыртқы факторлар анықталды. Операциядан соң көптеген жануарлар жиі жата береді, тұрады және ұзақ уақыт бір жерде қозғалмай тұрады немесе артқы аяқтарына сенімсіз тіреліп, өрісте ақырын қозғалып жүреді. Отардан қалып қойған жануарлардың көп саны «лигатура салу» ашық тәсілмен кестірілген 2-ші топта байқалды. Бұл енбауларға лигатура түсіретін қысым әсерінен жануарларда үлкен ауырсынудың көрсеткішінің көрінісі.

Жануарлар жаралары, әсіресе 1 және 2-ші топтағы қошқарларда кейде топыраққа жанасады (нәжіс, несеп және тағы басқа да лас заттар). Сонымен бірге, кестірілген қошқарлар қозғалу барысында жаралары артқы аяқтарының ішкі бетіндегі жүнімен және өрістегі өсімдіктермен ластанып отырды. Бұл кестіруден кейінгі кезеңде топырақтық және ірінді-шірінді инфекцияның енуіне және ерекше ластануына әкеледі.

Кестіру сәтінен 6-8 сағаттан кейін, жиі 24 сағаттан соң 1-ші топтағы жануарларда кестірілген жаралар қуыстарының қан ұйытпаларымен бітелуі және жабысқан жерлердің түзілуі байқалды. Бұл ұманың зақымданған қуыстарында және жалпы қынап қабықшаларында экссудаттың, лимфаның, қан ұйытпаларының жиналуын тудырады және кестірілген жаралар қуыстарында анаэробты жағдайлар туғызады.

Ашық әдіспен «лигатура салу» кестірілген қошқарларда алдымен жалпы қынап қабықшасының ісінуі дамып, кейін ол ұма ұлпаларына таралады. Бұл негізінен, олардың лимфа тамырларындағы нервті-рефлекторлық спазмдерімен түсіндіріледі. Ұма ұлпалары ісінуінің даму дәрежесі ерекше дәрежеде енбаудың қабыну сипатына тәуелді. Енбау тұқылдары ұзынырақ және олар сәйкес шажырқайдан көбірек ажырауына қарай, сонша күштірек қабынады, көлемі үлкейеді. Бұл шап каналдарының өзіндік тампонадасына әкеледі.

Кестіру жараларының жазылуының асептикалық өту барысында ауырсынудың азаюы, тітіркену факторларының әсер етуінің тоқтауы және қабынудың басылуы әсерінен кестіруден 8-10 тәуліктен соң ұманың ісіктері өздігіннен жойылды. 1-ші топтағы жануарлар жараларының толық жазылуы орта есеппен 12-15 тәуліктен соң аяқталды. Анаэробты инфекция (қатерлі ісік, газды флегмона, сіреспе және тағы басқа) және ірінді-шірінді инфекцияның асқынуларының барлық жағдайларында бұл жара

ауруларына тән клиникалық белгілер байқалып, жануарлардың жалпы күйі нашар болды. Ұма ұлпаларының ісіктері өте күшті дәрежеде анықталып, ісіктердің әсерінен жануарлар кестіру сәтінен 20-25 тәуліктен соң жазылды немесе операциядан кейін 2-5 тәуліктен соң өлімге ұшырады. Тек қана уақтылы радикалды хирургиялық өңдеу ісінген ұманы жоғары ампутациялау, некротикалық ұлпаларды толық кесіп алып тастау, кейін жараны 3%-к хлорамин ерітіндісімен шаю және жалпы антибиотикотерапия жаралы инфекциясы бар жануарлардың жазылуының пайызын ерекше көтеруге мүмкіндік береді.

Қошқарларды кестіруден соң клиникалық көрінісін талдай отырып, 1-ші кестеге қарасақ, бұл операцияны күзгі мезгілде 1-ші және 2-ші топтағы қанды әдіспен жыныссыздандырылған қошқарларға қарағанда, Burdizzo қысқашы қолданылған 3-ші және 4-ші топ кестірілген қошқарлары жеңіл көтереді. 1-ші және 2-ші топта 20 қошқарды кестіруден кейінгі асқину болды, олардың ішінен 13 басты амалсыз сойысқа жібердік. Үшінші топта қысқаштардың кіші көлемді конструкциясына байланысты қошқарлардың 20%-нда кестіруден кейін жыныс қызметі қайтадан қалыпқа келді.

Осыған байланысты, жоспарлы зоотехниялық бонитировкадан кейін асыл тұқымды қой шаруашылықтарында 5-6 ай жасында қалдырылған қошқарларды Burdizzo қысқашымен тері асты арқылы кестіруді ұсынамыз, өйткені жылдың күзгі уақытында ауа райы жағдайларының қолайсыз болуына орай жануарларды қанды әдіспен кестіру әсерінен кестіруден кейінгі асқинулар пайда болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ханин, М. А. Рациональный метод и возрастной срок кастрации баранчиков и бычков / М. А. Ханин, И. А. Тыныбеков // Мат. всесоюз. межвуз. конф. по вопр. вет. хирургии. – Харьков. – 1970. – С. 127-129.
2. Мосин, В. В. Результаты внедрения бескровного способа кастрации бычков и баранчиков в ветеринарную практику / В. В. Мосин, А. Н. Корнишин, И. А. Телятников, А. Б. Максин // Мат. всесоюз. межвуз. конф. по вопр. вет. хирургии. – Харьков. – 1970. – С. 126-127.
3. Мицкевич, М. С. Влияние половых желез на рост животных / М. С. Мицкевич. – М.-Л. : Биомедгиз – 1935. – 128 с.
4. Завадовский, М. М. Гормональная стимуляция многоплодия у овец / М. М. Завадовский. – М. : Биомедгиз. – 1941. – 155 с.
5. Максин, А. Б. К вопросу биогенной стимуляции бескровно кастрированных животных / А. Б. Максин // Мат. Всесоюз. межвуз. конф. по вопр. вет. хирургии. – Харьков. – 1970. – С. 142-144.